

«Гүлдәурен-7» бөбекжай-бақшасы

Эңгімелесу  
Тақырыбы: «Сүйікті  
балабақшам»

## **Тақырыбы: «Сүйікті балабақшам» әңгімелесу**

**Мақсаты:** Балаларды балабақшадағы сыйластық қарым-қатынас туралы түсінік беру. Онда жұмыс жасайтын қызметкерлер жайында әңгімеледеу. Тілдік қорларын дамыту.

### **Шаттық шеңбері:**

Бала бала баламыз  
Бақшамызға барамыз  
Күні бойы қызыққа  
Батамызда қаламыз  
Бір шаңырақ астында  
Бірге сайран құрамыз.

### **2. Әңгімелесу:**

Бұғін біз «Сүйікті балабақшамыз» туралы әңгімелейтін боламыз. Балабақша – өз үйіміз.

Сендер сәби болып келдіңдер, ересек болып кетесіңдер. Балабақша сендерге білім береді, тәрбиелейді.

Әдептілікке, достыққа, ұйымшылдыққа үйретеді.

1. Балабақшада немен ойнағанды ұнатасың?
2. Балабақшаның қандай тамағы ұнайды?
3. Балабақшада нені тыңдал үйрендің?
4. Балабақшаның аты қалай аталады?
5. Балабақшадан не үйрендің?

### **3. «Иә ма, жоқ па?»**

(ойланайық, пікірлесейік )

Кел бәріміз ойланып,  
Иә ма, жоқ па? Ойналық  
Мен бастайын ойынды  
Түрлі сұрақ қоюды.

- a) Бұл кімнің суреті?  
Ол кісінің қызметі қандай?
- ә) Мынау кімнің суреті?  
Аспазшы апайдың қызметі қандай?
- б) Ал бұл кім?  
Бұл апай не істейді?
- в) Мынау кім? Қандай қызмет атқарады?
- г) Мынау кім апай?
- ғ) Мынау суреттегі кім? Ол кісінің қызметі не?  
-Бұл дәрігер апай. Бізге дәрі береді, емдейді, жарақатты таңады, тазалықты тексереді.
- Ол аспазшы апай. Бізге тамақ пісіріп береді.
- Кір жуушы апай. Қол орамалды, төсөніштерді жуып, үтіктейді.
- Тәрбиеші апай.

-Сабак үйретеді, мультфильм көрсетеді, ойнатады, серуенге шығарады, ұйықтатады.

-Ол тәрбиеші көмекшісі. Бізге тамақ береді, ыдыстар жуады, шаң сұртеді, төсек жинайды.

-Аула сыптыруши апай. Ойын алаңын қоқыстан тазартады, сыптырады, жинайды.

Сендер балабақшага сәби болып келгеннен, ересек болып мектепке кеткенше, осы апайлар қызмет етеді. Олай болса мынадай дәйексөз үйренейік.

**Сергіту сәті:**

Балабақша есігін  
Үшке толып ашқанбыз  
Мәпелейді бақшамыз Бұл екінші үйіміз  
Бір туғанбыз бәріміз  
Біз осы үйдің гүліміз  
Біз осы үйдің сәніміз. Қимыл қозғалыспен, хормен, жатқа      айтады

Магнитті тақтаға кезек жапсырып, құрастырады.  
Қорытындылау.

-Бүгін біз не туралы әңгімеледік?  
-Балабақша аты қалай аталады?  
-Балабақшада кімдер қызмет етеді?  
-Қандай дәйексөз үйрендік?

Сұрақтарға жауап береді.

## **Хаттама**

**Қатысушылар: 4**

**Күні: 3.09.2024ж**

**Қатысқандар: 4**

**Қатыспағандар:0**

**Тақырыбы:** «Сүйікті балабақшам» әңгімелесу

**Мақсаты:** Балаларды балабақшадағы сыйластық қарым-қатынас туралы түсінік беру. Онда жұмыс жасайтын қызметкерлер жайында әңгімелеу. Тілдік қорларын дамыту.

Әңгімелесу барысында балалармен шаттық шенбері орындалды, балалар шенбер бойына тұрып тәрбиешімен бірге өлең жолдарын қызыға қайталады. «Сүйікті балабақшамыз» тақырыбында тәрбиеші балаларға төмендегі сұрақтарды қоя отырып әңгіме жүргізді.

1. Балабақшада немен ойнағанды ұнатастын?
2. Балабақшаның қандай тамағы ұнайды?
3. Балабақшада нені тыңдап үйрендін?
4. Балабақшаның аты қалай аталады?
5. Балабақшадан не үйрендін?

Балалармен «Иә ма, жоқ па?» ойыны ойналды, балабақша қызметкерлері туралы сұрақтар қойылып, олардың қандай жұмыс атқаратындығы туралы балаларға түсіндірілді. Сергіту сәті жасалды және қорытындылау мақсатында сұрақтар қойылып балалар сұрақтарға жауап берді.

### **Корытындысы:**

Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балалармен тәрбиеші Габдуллина Жанар "Сүйікті балабақшам" тақырыбында әңгіме жүргізді. Балалар ойындарға жақсы қатысып, сұрақтарға белсене жауап берді.